

МРНТИ 15.31

*Б.К. Сақтаганов<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Қазақ ұлттық хореография академиясы  
(Астана, Қазақстан)***КРЕАТИВТІЛІКТІҢ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАС КЕЗЕҢДІК  
ЕРЕКШЕЛІКТЕР****Аннотация**

Мақала мәдениет мекемелеріндегі шығармашылықты дамыту және қосымша білім беру мәселесін зерттеуге арналған. Мұнда креативтікті зерттеудің негізгі бағыттары қарастырылып, осы құбылыстарды зерттеуге қолданыстағы ғылыми көзқарастар талданады. Ғылыми көздердің кең ауқымына сүйене отырып, шығармашылықты дамыту проблемасының тарихы мен қазіргі жағдайы зерттелді, креативтіктің мәні мен құрылымы, креативті тұлғаның сапасы, шығармашылық пен креативтілік зерттелді. Мақала студенттер мен оқушылардың шығармашылық білім беру ортасын қалыптастыру қажеттілігін негізге алып, олардың интегративті жеке қасиеттері ретінде шығармашылықты қалыптастыруға бағытталған.

**Тірек сөздер:** креативтілік, креативтіліктің мәні мен құрылымы, студенттер, оқу үдерісі.

*Б.К. Сактаганов<sup>1</sup>**<sup>1</sup>Казахская национальная академия хореографии  
(Астана, Казахстан)***ВОЗРАСТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПРИ РАЗВИТИИ  
КРЕАТИВНОСТИ****Аннотация**

Статья посвящена исследованию проблемы развития креативности в учреждениях культуры и дополнительного образования. Здесь рассмотрены основные направления исследования креативности, проанализированы существующие научные подходы к изучению этого феномена. На основе широкого спектра научных источников проанализированы история и современное состояние проблемы развития креативности, изучены сущность и структура креативности, качества креативной личности, творчество и креативность. Статья направлена на научную разработку и обоснование необходимости создания креативной образовательной среды для учащейся и студенческой молодежи с целью формирования у них креативности как интегративного личностного свойства.

**Ключевые слова:** креативность, сущность и структура креативности, учащиеся, образовательный процесс.

*B.R. Saktaganov<sup>1</sup>*  
*<sup>1</sup>Kazakh National Academy of Choreography*  
*(Astana, Kazakhstan)*

## AGE FEATURES IN DEVELOPMENT OF CREATIVITY

### **Annotation**

*The article investigates problems with the development of creativity. It describes the main lines of creativity research, and analyzes existing scientific approaches to the study of this phenomenon: naive, contemplative, monodisciplinary and interdisciplinary. The paper presents the author's interpretation of the essence of creativity and its structure, shows the dual nature of creativity as a personal quality, including indicators of creativity and behavioral forms of its manifestation. Based on a wide range of scientific sources the history and current state of the development of creativity are analyzed. The nature and structure of creativity, developmental stages of the creative person, creation and creativity, diagnosis of creativity as a scientific problem, age-related specifics of creativity are outlined. This article focuses on the scientific design and justification of the need for a creative educational environment for pupils and students to foster their creativity as an integrative personal property. Based on the study, the author shows the age characteristics of the development of creativity of pupils and students, levels of development and pedagogical tasks in support of this process in cultural and continuing-educational institutions.*

**Keywords:** *creative personality, the nature and structure of creativity, students, education process.*

Тұлғаның креативтілігін дамыту тиімділігі көптеген факторларға байланысты, оның ішінде адам жасына, дамытуға мүмкіндік тудыратын орта және әртүрлі әлеуметтік мәдени мекемелердің педагогикалық ықпалы, олардың арасында мәдени және қосымша білім беру мекемелері ерекше орынға ие. Тұлғаның креативтілігін дамыту үрдісінде мәдени және қосымша білім беру мекемелерінің маңызды қорлары еркін сипаттағы қарым-қатынас, іс-әрекетті еркін таңдау және адамның шығармашылық мүмкіндіктерінің пайда болуы, әр түрлі жастағы аудиторияны қамтитын еркін формадағы белсенділікте көрінеді. Мәдени және қосымша білім беру мекемелерінің ықпалын онтогенездің сензитивті кезеңіндегі тұлғаның креативтілігін сәтті және тиімді дамыту кеңістігі ретінде қарастыру керек.

Мәдени және қосымша білім беру мекемелерінің педагогикалық үрдісінде ұйымдастырылған әртүрлі әлеуметтік-мәдени іс-әрекет түрлерінде тұлғаны тәрбиелеу мен дамыту міндеттерін шеше отырып, оқушылардың оқуда, қарым-қатынаста, тұрмыс жағдайы мен айналадағылармен қатынаста пайда болатын, олардың дүниетанымын, сенімін, рухани құндылығын қалыптастыра отырып, олардың санасы мен мінез-құлқына ықпал етеді. Бұл жерде бұндай ықпал ету екінші санаттағы сипатта болады, өйткені мәдени және қосымша білім беру мекемелерінде оқушы тұлғасының кейбір қасиеттері соншалықты қалыптаспайды,

тек отбасы, білім беру және басқа да факторлардың әсер етуімен белгілі бір дәрежеде қалыптасқандар тереңдетіледі, толықтырылады және ынталандырады.

Тұлғаның шығармашылық даму қызметін жүзеге асыруда мәдени және қосымша білім беру мекемелерінің мүмкіндіктері әуесқой техникалық және көркемдік іс-әрекетті ынталандырғанда, әуесқой клубтық бірлестіктерді ұйымдастырғанда және басқа да формадағы тұлғаның рухани қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруда, жеке ерекшеліктерін ашқанда, өсіп келе жатқан буынның шығармашылық әлеуетін дамытуда пайда болады.

Онтогенездегі креативтілікпен айналысатын зерттеушілер тұлғада осы қасиеттің дамуы үшін бірнеше сензитивтік кезеңдерін көрсетеді. Д.Б.Богоявленская «шығармашылық қабілеттің қалыптасуы түзу сызықпен жүрмейді, оның айқын көрінуінің екі кезеңі бар. Олардың анық пайда болуы 10 жастың көлемінде, ал сосын – жасөспірімдік жаста байқалады» [1, 70 б.].

Біздің пікіріміз бойынша, креативтілікті жемісті дамыту үшін сензитивтік қажет, ол бағытталған қалыптастырушы ықпалдардың ерекшелігі мен әрбір жас кезеңдік ерекшеліктері әр түрлі пайда болатын бүкіл мектеп жас кезеңі болып табылады. Оқушылардың креативтілігін дамыту жолында ең маңыздысы әрбір жас кезеңінің қозғалыс траекториясын анықтау. Бұл үшін әрбір мектеп жасына бағытталған педагогикалық ықпалдың мақсаты мен міндеттерін, бұл жас кезеңдерінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып креативтіліктің даму айырмашылығын анықтау қажет.

Кіші мектеп жасындағы оқушыларға педагогикалық ықпал етуге бағытталған мақсат, аяқ астынан және ынталандырылған әртүрлі шығармашылық іс-әрекет негізінде шығармашылық дағдыны қалыптастыру және бекіту болуы тиіс. Жеткіншек осы шығармашылық дағдыны дамыту, қажеттілігі мен қызығушылығына байланысты ерік күшінің көмегімен оны «қосуға» үйрену қажет. Жоғары сынып оқушыларына педагогикалық ықпал етуге бағытталған мақсат бұрын шығармашылық дағдының, бастамашылдықтың, белсенділік пен өмірге басқаша қарым-қатынас негізінде жасалған іс-әрекеттің шығармашылық стилін қалыптастыруы қажет.

Мәдени және қосымша білім беру мекемелерінде бұндай бағытталған тәрбиелік ықпал етуді жүзеге асыра отырып, педагогтар әрбір мектеп жасының ерекшелігін ескеруі тиіс. Кіші мектеп жасында, осы кезеңнің психологиялық жаңа бейнесі: ойлаудың теориялық формасы, танымдық қызығушылықтар, өз мінез-құлқын басқару қабілеті, балаларды мектеп жасына дейінгі балалардан өзгешелендіретін өз әрекеті және ақыл мен мінездің

басқа қасиеттеріне жауапкершілік сезімін қалыптастыратын оқу іс-әрекеті жетекші орынға шығады.

Бұнда ғылыми білімді игерудегі ойлауды дамыту үлкен мәнге ие, өйткені бұнда жаңа бейненің туындауы келесі жеткіншек кезеңдегі балалардың санасы мен тұлғасында жүретін өзгерістерді құрайды. Оқу сабақтары кіші мектеп жасындағы оқушылардың ішкі жоспарында «өз ішінде» орындайтын танымдық күшінің көбеюінің жаңа қайнар көзі болады. Бұдан басқа еріктік қасиеттері дамиды, белсенділік, өзін-өзі реттеу, қиял мен эмоция көрсетеді.

Зерттеушілер кіші мектеп жасындағы оқушылардың ақыл-ой дамуында қарама-қайшылықтардың бар екендігін ескертеді. Кіші мектеп жасындағы оқушылардың қарым-қатынаста зияткерлігінің пайда болуы мен ойын іс-әрекетінің арасында, бір жағынан, олар тек енді ғана дағдыларды игеруді бастаған, жазу мен есептеу сабақтарындағы оқу іс-әрекетінде – екіншіден оқу сабақтарының мазмұны мен балалардың шынайы мүмкіндігі арасындағы қарама-қайшылықтарды көрсететін сәйкессіздік бар. Бұл қарама-қайшылықтарды әлеуметтік-мәдени мекемелерде кіші мектеп жасындағы оқушыларды шығармашылық қабілет негізінде шынайылыққа шығармашылық қарым-қатынас дағдысын қалыптастыратын әртүрлі әлеуметтік-мәдени іс-әрекет түрлеріне тарту нәтижесінде жеңуге болады. Яғни, аталған кезеңдегі өте маңызды педагогикалық міндеттің бірі осы жастағы балалардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін жағдай тудыратын келесі жас кезеңінде креативтілік пайда болатын және мінез-құлық пен іс-әрекетте шығармашылық стил қалыптастыратын шығармашылық іс-әрекет дағдысын тудыратын, сұлулық заңы бойынша шынайы белсенділік болып табылады.

Сонымен, кіші мектеп жасындағы оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, олардың ары қарай жалпы дамуына жол ашатын және олардың тұлғалық қасиеттерін, қабілеттері мен мүмкіндіктерін қалыптастыруға ықпал етеді және олардың креативтілігінің қалыптасуының факторы болып табылады.

Орта жастағы оқушылардың креативтілігін дамыту үрдісін педагогикалық басқаруға бағытталу сол жастағы ағзаның әр түрлі жүйесінің тең дәрежеде қалыптаспауымен сипатталатын ерекшелікті ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл кезең жыныстық жетілудің аяқталуы мен азаматтық және әлеуметтік есею арасындағы алшақтықты көрсететін адам дамуының бірден-бір тоқырау кезеңін көрсетеді және жеткіншектік өтпелі кезең деп аталады. Жеткіншектік тоқыраудың ұзақтығының себебі бұл жастағы балалардың физикалық және ақыл-ой дамуы жылдам өсуі сияқты қажеттіліктері әлеуметтік есеюінің жеткіліксіз дәрежеде дамуы арасындағы сәйкессіздік болып табылады.

Жеткіншектік жастағы физиологиялық өзгерістер тұлғаның когнитивтік, психологиялық, еріктік, әлеуметтік және іс-әрекет саласындағы қайта құрылымдануды басқарады. Ж.Пиажениң еңбектерінде жеткіншектік кезең қиялдауға, абстрактілі теорияны тудыруға, философиялық көңіл-күйдің күшейюіне бейімділікпен сипатталатын гипотетико-дедукциялық ойлау кезеңі деп аталады.

Жеткіншектік кезеңде интеллекті дамыту және ақпаратты игеруді ғана емес, жаңа интеллектуалдық бастамалар мен жаңа субъективтік тудыруды болжайтын шығармашылық қабілетпен тығыз байланысты. Я.А. Пономаревтың пікірі бойынша интеллектуалдық дамудың ең жоғары шыңы 12 жаста болады. Бірақ та бұны жеткіншек әлі игеріп үлгермеген білім қоры, өмірлік тәжірибе, мақсатқа ұмтылу және басқа да бірқатар қасиеттерге байланысты болатын шығармашылық өнімділіктің куминациясымен араластырмауымыз керек. Сондықтан шығармашылық қабілет пен интеллектіні қалыптастыру жасқа байланысты өзгеріп отыратын іс-әрекет мазмұнынан бөлек қарастыруға болмайды [2, 125-128 бб.].

Өзбетіндік ойлауды, зерттеушілік міндеттерді қоюдағы және олардың шешімін іздеудегі белсенділікті дамыту өтпелі кезеңнің психофизиологиялық дамуымен байланысты және креативтілікті дамыту үшін ерекше жағдайдың пайда болуын анықтайды, орта мектеп жасы да креативтілікті дамытудың сензитивті кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде қиялдың субъективтіліктен объективтілікке өтетін қиялдың терең қайта жасалулары жүреді.

Зерттеушілердің пікірі бойынша, орта мектеп жасында өзіне және социум мүшелеріне саналы қарым-қатынас қалыптасады, ал жетекші іс-әрекет ретінде қоғамдық пайдалы іс-әрекет өзара қарым-қатынас нормасын игеру болып табылады. Өтпелі жастағы орталық психикалық үрдіс – негізінде жеткіншектің өзінің ішкі әлемін ашу жатқан өзіндік сананы дамыту. Өзіндік сананың жаңа деңгейінің туындауы жеткіншекте өзіндік бекіту мен өзіндік көрінуге ұмтылысты оятады. Өзіндік сананы дамыту механизмінің негізінде рефлексия жатыр.

В.А. Сухомлинский, жеткіншектің ішкі позициясындағы негізгі қарама-қайшылықты: бір жағынан, өзбетінділікке ұмтылу, сенімсіздік пен аз қамқорлыққа қарсы тұру, ал екінші жағынан – үрей, жаңа міндеттерді шеше алмаймын ау деген қорқыныш, ересектер тарапынан көмек пен қолдау күту деп дәл көрсетті. Қоғамдағы бұндай өзіндік орналасу (кішкене бала емес, бірақ үлкен де адам емес) бұл жастағы балалармен жұмыс істеу барысында ескеруге міндетті, көптеген қиыншылықтар туғызады [3, 124 б.].

Сондықтан, дамудағы сыншылдық, тоқырау, қарама-қайшылық және өтпелі сипат тұлғаның креативтілігін дамытудың

сензитивті кезеңі болып табылатын орта мектеп жасының ерекшелігін құрайды.

Жоғары мектеп жасындағылардың креативтілігін дамыту үрдісін бағытталған педагогикалық басқару осы жастың ерекшелігін ескере отырып жүзеге асыруы тиіс. Бұл кезең тұлғаның алғашқы әлеуметтенуін аяқтаушы болып табылады, ал бұл жастағы оқушылардың басты міндеті – кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтау. Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік және тұлғалық тұрғыдан қалыптасуы өзіндік сананың кіріктірілген дамуын, дүниетаным мен өмірлік бағытын жасауды, өмірдегі өз орнын табуды болжайды. Бұл уақытта өзіндік сананың сапалы жаңа деңгейге өтуін сипаттайтын маңызды өзгерістер жүреді. Бұрынғыға қарағанда өзіне қатынаста мінезі өзгереді, жіктелген өзіндік бағалау, өзіне жалпы қарым-қатынастағы нақты іс-әрекеттегі жетістік немесе сәтсіздікті ажырата алу шеберлігі қалыптасады.

Бұл кезеңдегі маңызды жаңашылдық – ересектермен бейресми, сенімді қатынасқа қажеттілік. Жоғары сынып оқушылары өзіне пір тұтатын нәрсеге қажеттілікті сезінеді, біреудің ерекше жетістігіне тез сенеді, бірақ та жоғары сынып оқушыларының беделді ересектермен қарым-қатынасы құштарлы және тұлғалық қызығушылығына құрылады.

Бұл жастағы ең басты психологиялық тұрғыдан игерген нәрсесі – өзінің ішкі әлемін ашуы. Жоғары сынып оқушылары үшін өзінің ішкі әлемі – назарда олардың өздері ғана болатын субъективтік тәжірибенің тек бір ғана мүмкіндігі. Өз ішкі дүниесіне, өзінің күйзелістеріне үңіле білу қабілетін игере отырып, жоғары сыныптағылар эмоцияның, табиғат сұлулығының, әуен дыбыстарының, жаңа сипаттың тұтастай әлемін ашады. Ересектік сезімін қалыптастыруда жасөспірімдер және қыздар қажеттілігі, мотивтері, құндылық бағытталуы, басқа жыныстың өкілдеріне және соған сай мінез-құлық формалары үшін жіктелуді қоса отырып, нақты жыныстағы адам ретінде қабылдау арқылы ерекше қарқында көрінеді.

Орта сыныппен салыстырғанда жоғары сыныптағы оқушыларда шығармашылық ойлау және әртүрлі мәселелерді талқылағанда өзбетінділіктің белсендірілгенін байқауға болады. Жоғары сынып оқушыларында ойламаған жерден салыстырулар мен толықтырулар туындайды, ойлау жұмысының белсенуі мен жаңа ой өнімдерін тудыруға қабілеттілікпен түсіндірілетін шынайы идеялар туады. Бұл жастағы ойлау белсенділігі және жаңа идеялар жеңіл туындаумен байланысты ойлаудың өзіндік өнімдері болжаудан, жобалаудан, өзбетімен талқылаудан пайда болады.

Ж. Пиаже жоғары сынып оқушыларының теорияға қызығушылығын, абстрактілі теория жасауға және интеллектуалдық сынақтарды, түсікіктегі ойындар мен

формуларды тудыратын философиялық құрылымдарға бейімділігін атап кетеді. Зерттеушілердің бақылауы бойынша интеллектуалдық қызығушылықтың кеңдігі жүйелі танымдық іс-әрекеттің жоқтығымен жиі салыстырылады. Жоғары сынып оқушыларының ақыл-ой дамуы біліктіліктің жиналуы мен интеллектінің кейбір қасиеттерінің өзгерістерімен емес, ақыл-ой іс-әрекетінің жеке стилінің қалыптасуымен есептеледі. Олар танымдық үрдістерде ойлау стилі, қабылдау, ойлау мен есте сақтау амалында ақпаратты алу, игеру, жинақтау және қолданудың әртүрлі жолдарынан тұратын жеке вариацияның берік жиынтығы ретінде көрінеді. Жоғары сынып оқушыларының ойлау стилі оның жүйке жүйесінің типіне байланысты, сондықтан оқыту мен тәрбиеде жоғары сынып оқушыларының шығармашылық дамуы мен өзбетінділігіне ынталандыратын жек қатынастар қажет [4, 15-17 бб.].

Бұл кезеңнің жаңа бейнесі ретінде өзін, өзінің мүмкіндіктері мен ұмтылыстарын, қоғамдағы орнын және өмірдегі бағытын түсінуді сипаттайтын өзін-өзі анықтау туындайды. Жоғары сынып оқушыларына үлкен ішкі жұмыс: өмір жолында болашағын іздеу, жауапкершілік сезімі мен өзін басқаруға ұмтылу сезімін дамыту, эмоциялық ортасын толтыру тән. Осының барлығы осы жастағы креативтілікті дамыту үшін ішкі жағдай туғызады.

Сонымен, жоғары сынып оқушыларында адамның дене тұрғылық жетілу үрдісі аяқталады, өзіндік сана қалыптасады, кәсіби өзін-өзі анықтау міндеттері шешіледі. Бұл жаста танымдық және кәсіби қызығушылықтар, еңбекке деген қажеттілік, қоғамдық белсенділік, аадамгершілік құндылықтар, идеалдар, дүниетаным қалыптасады, ересектерге бағыныштылық азаяды, тұлғаның өзбетінділігі тұжырымдалады. Дамудың әлеуметтік жағдайы, бұл жастағы тұлғалық сапалар мен қасиеттердің жасалуымен, барлық психикалық үрдістердің тұрақталуымен және тұлғаның тұрақты мінезге ие болуымен анықталады. Білім, білік және дағдыны игере отырып, жоғары сынып оқушылары оларды тәжірибеде жүзеге асырып қана қоймай, іс-әрекеттің шығармашылық стилін қалыптастыру және креативтілікті дамыту, шығармашылықты жаңа өмірге өздері тарапынан жаңа, шынайы, қайталанбас өзіндік үлесін қосады.

Сондықтан, әрбір мектеп жасындағы психологиялық-педагогикалық ерекшелік, тұлға қасиеті ретінде креативтілікті дамыту үрдісін ескеру қажеттілігін баса қарастырады. Көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша, тұлғаны қалыптастыру қоршаған ортаның талабына бейімделу жағдайында емес, қоршаған орта мен өзін-өзі қайта құрылымдауға бағытталған тұлғаның үнемі шығармашылық белсенділігі жағдайында жүзеге асады.

Студенттік жас кезеңіне сәйкес келетін, жасөспірімдік кезеңдегі креативтіліктің даму мүмкіндіктерін кеңірек қарастырайық. И.С.Конның пікірі бойынша, ерте жасөспірімдік кезеңде психикалық даму барлық жағынан белсенді қайта құрылымдану және қалыптасу жағдайында болады. Бұл жеке мотивация мен ішкі әлемді түсінумен, рефлексияның туындауымен сипатталатын өзіндік сана мен өзін-өзі тануды дамыту, тұлғалық құндылықтар жүйесінің мағынасын көтеруде пайда болады. Өзі және айналадағы адамдар туралы бірегей түсініктің болмауы болып жатқан өзгерістерге өзінің дұрыс көзқарасының жеткіліксіздігі жас адамды, әлемді түсіну мен қабылдауға, ондағы өзінің орнын табуға жаңа жол іздеуге итермелейді [5]. Бұның барлығы шығармашылық әлеуетті ынталандырады және белсендіреді. Жасөспірімнің психикалық дамуының көптеген қыры, когнитивтік, сипаттық, қозғалыстық, эмоциялық-еріктік және мотивациялық сфераларының қалыптасуы үшін база болып табылады. Бұл жастағы креативтілікті дамыту үшін арнайы жағдай жасау қажет [5, 60-63 бб.].

Гуманистік психология өкілдері төмендегідей жағдайларды ұсынады: сыртқы (психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бағалаудың жоқ болуы) және ішкі (өзінің шүбәсіз құндылығын тұлғаның сезінуі, жаңа тәжірибе игеруге дайын болуы, шығармашылықты іштей дұрыс бағалау). Торранс пен Гилфорд келесі жағдайды ұсынады: қолайлы атмосферамен қамтамасыз ету, мектеп пен үйде әртүрлі шығармашылық өнімді марапаттау, жасөспірімді тұлғаның шығармашылық сипатының құндылығын, қоршаған ортада креативті мінез-құлық бейнесінің бар екендігін сезінуге тәрбиелеу.

Студенттік кезең әлеуметтік белгілер қатарынан басқаша, қайталанбас ерекшелігі бар. Б.Г. Ананьев бұл жас кезеңін арнайы ерекшеліктердің қарқынды қалыптасатын және құндылық бағытталуының барлық жүйесінің қайта жасалуы жүретін, мінезді қалыптастыратын орталық кезең ретінде бөліп көрсетеді. Бұл кезеңде өзіндік сананың феномендік пайда болуы – өзінің даралығын, қайталанбастығын, мінез-құлық мотивтерін сезіну. Аяқталу бөлімінде өзін-өзі анықтау болады және бұл әлеуметтік есейгендікті білдіреді [6, 220-222 бб.].

Жасөспірімдік кезеңдегі психикалық даму ерекшеліктерін талдай отырып, В.Н. Дружинин, осы жас кезеңінде «мамандандырылған» креативтілік: адам іс-әрекетінің нақты сферасымен, сондай-ақ оның «кері» жағы, толықтыру және ұқсасқа байланысты, шығармашылыққа қабілеттілік қалыптасады. Жасөспірім өзі үшін, өзі еліктейтін жасаушының «идеалды бейнесін» анықтайды. Екінші бөлімі өзінің жеке еліктейтін өнімін теріске шығарумен және бұрынғы идеалына теріс қарым-



қатынаспен аяқталады. Индивид мүмкін еліктеу фазасында мәңгі қалып қояды, немесе шынайы шығармашылыққа өтеді [7, 220 б.].

Сонымен, креативлікті дамыту үшін жасөспірімдік кезеңнің мәні еш күмән тудырмайды, өйткені онтогенездің бұл кезеңінде субъектінің бұл сипаттамасы мүмкін болатын тұлғалық қасиеттен білім беру үрдісі жағдайы ретінде және мәдени-демалыс іс-әрекеті ретінде басқарылатын педагогикалық ықпалдың қажеттілігін көрсететін шынайы психологиялық ерекшелік деңгейіне көшуі мүмкін.

#### Әдебиеттер:

1. Богоявленская Д.Б. Об одном из подходов к исследованию интеллектуального творчества. – В.: Вопросы психологии, 1976. – № 4 с. 69-79
2. Пономарев Я.А. Психология творения. – Москва: МПСИ, 1999. – 304 с.
3. Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека: советы воспитателям. – Минск: Народная света, 1978
4. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – Москва: Междунар. пед. акад., 1994. – 660 с.
5. Кон И.С. Психология ранней юности. – Москва: Просвещение. 1989. – 255 с.
6. Щербакова Е.Е. Активизация творческого потенциала студентов. Сб. науч. тр. науч.-практ. конф. «Гуманизм и духовность, в образовании». – Нижний Новгород: Изд-во НГЛУ им. Н.А. Добролюбова, 1999. – С. 220-222
7. Дружинин В.Н. Психология общих способностей. - Санкт-Петербург: Питер, 2007. – 368 с.

#### References:

1. Bogojavlenskaja D.B. *Ob odnom iz podhodov k issledovaniju intellektual'nogo tvorchestva.* – V.: Voprosy psihologii, 1976. – № 4, с. 69-79 (*In Russ.*)
2. Ponomarev Ja.A. *Psihologija tvorenija.* – Moskva: MPSI, 1999. – 304 s. (*In Russ.*)
3. Suhomlinskij V.A. *Kak vospitat' nastojashhego cheloveka: sovety vospitateljam.* – Minsk: Narodnaja sveta, 1978 (*In Russ.*)
4. Piazhe Zh. *Izbrannye psihologicheskie trudy.* – Moskva: Mezhdunar. ped. Akad, 1994. – 660 s. (*In Russ.*)
5. Kon I.S. *Psihologija rannej junosti.* – Moskva: Prosveshhenie. 1989. – 255 s. (*In Russ.*)
6. Shherbakova E.E. *Aktivizacija tvorcheskogo potenciala studentov.* V: sb. nauch. tr. nauch.-prakt. konf. "Gumanizm i duhovnost', v obrazovanii" – Nizhnij Novgorod: Izd-vo NGLU im. N.A. Dobroljubova, 1999. – s. 220-222. (*In Russ.*)
7. Druzhinin V.N. *Psihologija obshnih sposobnostej.* - Sankt-Peterburg: Piter, 2007. – 368 s. (*In Russ.*)